

**Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

№11 хаттама

Өткізілген күні: 23.03.2025 жыл

Өткізілген уақыты: 14.00

Қатыспаяғаны:

Қатысқаны:

Күн тәртібінде:

1. «Balaland» мектеп жанындағы жазғы лагерь тәрбиеленушілерінің тамақтану мәзірі.
2. Тамақтану мәзіріне байланысты бір күндік және ауысым бойынша қаражат көлемін анықтау.

1-мәселе

Директордың бастауыш сынып бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары

Е.К.Жоламанова:

Мектеп бойынша 2025 оқу жылында «Balaland» жазғы сауықтыру лагері жұмыс жасайды. Толымдылығы 20 оқушыдан 10 жасак құрылады деп жоспарлап отырмыз. Күн тәртібі 08.30-14.00 аралығы.

Сауықтыру лагерінде оқушыларды таңғы және түскі аспен қамтуды ойластырып отырмыз.

Тамақтандыру институты мен санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды әрі оқушылардың физиологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, «Тасболатов» жеке кәсіпкерлігі 2 апта, яғни 10 күнге арналған ас мәзірін ұсынды.

Тыңдалды.

Б.-ййназарова Г.Б.: Ас мәзірімен танысып шықтық. Таңғы және түскі асқа ұсынылған ас мәзірі балалардың денсаулығын ескере отырып жасалған. Осы ас мәзірін бекітуді ұсынамын.

2-мәселе

Е. К.Жоламанова:

Таңғы ас, түскі ас мәзіріндегі ұсынылған тағамдардың бір күнге жалпы құны 1300 (бір мың үш жүз tt) теңгені құрады. Осы бағаға келісесіздер ме?

Тыңдалды

Назарбекова Г.М.: Сауықтыру лагеріне көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың балалары да келеді. Оларға жеңілдік қарастыруды ұсынамын.

Е.К.Жоламанова:

Көпбалалы отбасының балаларына бір күнге 800 (сегіз жүз tt) теңге көлемінде жеңілдік жасалды, ал жетім балаларды тегін тамақтандыру қарастырылды.

Сұлтанова А.У.: Ас мәзірінің бағасы барлығы үшін колжетімді. Қою тамақ, салаттар қарастырылған. Сондықтан көрсетілген қаражат көлемін бекіткен дұрыс деп есептеймін.

Бектурганова Ж.М.:

06.06 күні Құрбан айт мерекесіне түсіп тұр. Сондықтан жалпы ауысымға қаражатты 10 күнге емес, 9 күнге есептеген дұрыс деп ойлаймын. Сонда әр балаға 9 күнге 11700 (он бір мың жеті жүз тг) теңге, ал көп балалы отбасылар үшін 9 күнге 7200 (жеті мың екі жүз теңге) теңге кұрайды.

Қаулы:

1. «Balaland» мектеп жанындағы жазғы лагерь тәрбиеленушілеріне ұсынылған ас мәзірі бекітуге ұсынылсын.
2. Ыстық тамақпен қамту үшін ас мәзіріне жұмсалатын қаражат көлемі:
 - 1 бала үшін 1 күнге – 1300 (бір мың үш жүз) теңге, жеңілдік бойынша 800 (сегіз жүз) теңге;
 - ауысым бойынша әр балаға 9 күнге 11700 (он бір мың жеті жүз тг) теңге, жеңілдікпен көп балалы отбасылар үшін 9 күнге 7200 (жеті мың екі жүз теңге) теңге көлемінде бекіту ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

У.А. Абдукадирова

Комиссия мүшелері:

Назарбаева Ж.Н.

Назарбекова Г.М.

Бектурганова Ж.М.

Байназарова Г.Б.

Сұлтанова А.У.

Умирзакова М.Б.

Темирбекова А.И.

Рамазанова Б.А.

Әбілқайыр С.Е.

Умбетова С.М.

Исмагулова Ш.М.

Тастанбекова У.Е.

Хатшы

Бикетова Н.Ш